



БЕКІТЕМІН:

«Дарын» ДпҚББД ШҚҒӘО директоры

Г. Рахимжанова

Облыстық зияткерлік «Балапан» турнирін өткізу ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже «Балапан» облыстық зияткерлік турнирінің (бұдан әрі – Турнир) өткізу тәртібін, мақсаты мен міндеттерін, ұйымдастыру-әдістемелік қамтуды, жеңімпаздар мен жүлдегелерді іріктеуді анықтайды.

2. Турнир ұйымдастырушылары ШҚО ББ Дарындылық пен қосымша білім беруді дамытудың Шығыс Қазақстан ғылыми-әдістемелік «Дарын» орталығы (бұдан әрі – «Дарын» ШҚ ДпҚББДҒӘО) болып табылады.

2. Турнирдің мақсаты мен міндеттері

Турнирдің негізгі мақсаты - мектепке дейінгі, мектепалды және кіші мектеп жасындағы дарынды балаларды анықтау, дамыту және қолдау көрсету болып табылады.

Негізгі міндеттері:

1. Мектепке дейінгі, мектепалды және кіші жастағы мектеп оқушыларының дарындылығын анықтап, дамыту және қолдау үшін жағдай жасау жұмыстарының формалары мен әдістерін жетілдіру.

2. Мектепке дейінгі, мектепалды және кіші жастағы мектеп оқушыларының зияткерлік іс-әрекетін белсендіру, зияткерлік және шығармашылық әлеуетін ашу.

3. Зияткерлік-шығармашылық ойлау қабілеттері мен шығармашылық, іздестіру, зерттеу және стратегиялық сипаттағы есептерді шығару икемділіктерін дамыту.

3. Турнирге басшылық жасау және әдістемелік қамтамасыз ету

1. Турнирді ұйымдастыру және өткізу үшін ұйымдастыру комитеті құрылады (бұдан әрі – Ұйымдастыру комитеті).

2. Ұйымдастыру комитеті:

- Турнирге дайындық жүргізу мен өткізуге тікелей басшылықты жүзеге асырады;

- өтінімдер мен турнирге қатысу үшін қажетті материалдарды қабылдайды;

- Турнирдің жеңімпаздары мен жүлдегерлерін анықтайды;

- Турнирдің қорытындысына талдау жасап, қорытындылайды;

- Турнирдің Ережесіне сәйкес басқа да қызметтерді атқарады.